

Жеке кәсіпкерлік туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 маусымдағы N 135 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2006.01.31. N 124 Заңымен.

МАЗМҰНЫ

Осы Заң азаматтардың Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне құқығын іске асыруға, жеке кәсіпкерлік үшін мемлекеттік кепілдіктер жүйесін қалыптастыруға бағытталған.

I тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Жеке кәсіпкерлік ұғымы

1. Жеке кәсіпкерлік түрі ретіндегі жеке кәсіпкерлік азаматтардың бастама жасайтын қызметі, ол табыс табуға бағытталған, азаматтардың өздерінің меншігіне негізделген және олардың тәуекелі мен мүліктік жауапкершілігі арқылы азаматтар атынан жүзеге асырылады.

2. Заңды тұлға құрмай және заңды тұлға белгілері болмаған жағдайда кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке адам жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылады.

2-бап. Жеке кәсіпкерлік туралы заңдар

1. Жеке кәсіпкерлік саласындағы заңдар Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заңнан, оған қайшы келмейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

2. "Жеке кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы жеке кәсіпкерлікке осы Заңда белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып қолданылады.

3. Осы Заң нотариустар мен адвокаттардың арнаулы заң актілерімен реттелмейтін бөліктегі қызметін жүзеге асыру жөніндегі қатынастарды реттейді.

3-бап. Жеке кәсіпкерліктің түрлері

1. Жеке кәсіпкерліктің түрлері өзіндік кәсіпкерлік пен бірлескен кәсіпкерлік болады.

2. Өзіндік кәсіпкерлікті бір азамат меншік құқығы бойынша өзіне тиесілі мүлік негізінде, сондай-ақ мүлікті пайдалануға және (немесе) оған билік етуге жол беретін өзге де құқыққа байланысты дербес жүзеге асырады.

3. Бірлескен, кәсіпкерлікті азаматтар тобы (жеке кәсіпкерлер) ортақ меншік құқығы бойынша өздеріне тиесілі мүлік негізінде, сондай-ақ мүлікті бірлесіп

пайдалануға және (немесе) оған билік етуге жол беретін өзге де құқыққа байланысты жүзеге асырады.

4-бап. Бірлескен кәсіпкерліктің түрлері

1. Бірлескен кәсіпкерлік бірлескен ортақ меншік (ерлі-зайыптылардың ортақ меншігі, шаруа (фермерлік) шаруашылығының ортақ меншігі, жекешелендірілген тұрғын үйге ортақ меншік) немесе үлестік ортақ меншік негізінде жүзеге асырылуы мүмкін.

2. Бірлескен кәсіпкерліктің түрлері мыналар болып табылады:

1) ерлі-зайыптылардың бірлескен ортақ меншігі негізінде жүзеге асырылатын ерлі-зайыптылар кәсіпкерлігі;

2) шаруа (фермерлік) шаруашылығының ортақ меншігі немесе жекешелендірілген тұрғын үйге бірлескен ортақ меншік негізінде жүзеге асырылатын отбасылық кәсіпкерлік;

3) кәсіпкерлік қызмет үлестік ортақ меншік негізінде жүзеге асырылатын жай серіктестік.

5-бап. Жеке кәсіпкерліктің әр алуан түрлерін жүзеге асыру кезінде іскерлік айналымда іс-қимыл жасау

1. Некеде тұратын азамат кәсіпкер ретінде өз зайыбын (ерін) ескертпей өзіндік кәсіпкерлікті жүзеге асырған ретте бұл зайыптың (ерінің) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға келісімі талап етілмейді.

Азамат өзіндік кәсіпкерлікті жүзеге асыру үшін ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін пайдаланған жағдайларда, егер заң актілерінде немесе неке келісім-шартында, не ерлі-зайыптылардың арасындағы өзге де келісімде басқаша көзделмесе, мұндай пайдалануға зайыбының (ерінің) келісімі көзделеді.

2. Ерлі-зайыптылардың іскерлік айналымда кәсіпкерлікті жүзеге асыруы кезінде ерлі-зайыптылардың бірі екіншісінің келісімімен ерлі-зайыптылардың атынан іс-қимыл жасайды, мұның өзі жеке кәсіпкерлікті тіркеу кезінде расталуы немесе жеке кәсіпкердің қызметі мемлекеттік тіркеусіз жүзеге асырылатын жағдайларда жазбаша түрде көрсетіліп, нотариаттық куәландырылуы мүмкін.

Ерлі-зайыптылардың біреуінің іскерлік айналымда олардың атынан екіншісінің іс-қимыл жасауына осылайша білдірген келісімі болмаған жағдайда іскерлік айналымда іс-қимыл жасаушы жұбайы кәсіпкерлік қызметті өзіндік кәсіпкерлік түрінде жүзеге асырады деп саналады.

3. Кәсіпкерлік қызметтің объектісі ретінде жекешелендірілген тұрғын үйді пайдалануға байланысты отбасылық кәсіпкерлікті жүзеге асырған кезде іскерлік айналымда тұрған үйге меншік иелерінің бірінің іс-қимыл жасауы басқа меншік иелерінің нотариат куәландырған келісімімен ғана жүргізіледі.

4. Жеке кәсіпкерлікті жай серіктестік нысанын пайдаланып жүзеге асырған кезде жай серіктестік қатысушыларының ортақ істері олардың ортақ келісімімен

жүргізіледі. Бір-бірімен өзара келісім бойынша қатысушылар іскерлік айналымда іс-қимыл жасауды қатысушылардың біреуіне тапсыруы мүмкін, бұл жағдайда ол серіктестіктің басқа қатысушылары берген сенімхат негізінде іс-қимыл жасайды.

6-бап. Жеке кәсіпкерлердің борыштары бойынша олардың мүлкінен өндіріп алу

1. Жеке кәсіпкерлер өз міндеттемелері бойынша, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес өндіріліп алынбайтын мүлікті қоспағанда, өздерінің барлық мүлкімен жауап береді.

2. Азамат өзіндік кәсіпкерлікті жүзеге асырған кезінде меншік құқығы бойынша өзіне тиесілі барлық мүлкімен, оның ішінде ерлі-зайыптылардың ортақ меншігіндегі үлесімен жауапты болады.

Азамат кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін пайдаланған жағдайларда оның борыштары бойынша өндіріп алу ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіне де қолданылуы мүмкін.

Егер кәсіпкер болып табылмайтын ерлі-зайыптының бірі екіншісінің кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін ортақ мүлікті пайдалануына келіспесе, ол ортақ мүлікті бөлу туралы мәселе қоюға, оның ішінде сот тәртібімен мәселе қ о ю ғ а д а қ ұ қ ы л ы .

Кәсіпкер болып табылмайтын ерлі-зайыптының әрқайсысының мүлкі өзіндік кәсіпкерлікті жүзеге асырушы жұбайдың борыштары бойынша өндіріп алу н ы с а н а с ы б о л а а л м а й д ы .

3. Ерлі-зайыптылар кәсіпкерлікті жүзеге асырған кезде кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты ерлі-зайыптылардың борыштары бойынша өндіріп алу іскерлік айналымда олардың қайсысының іс-қимыл жасайтынына қарамастан , ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіне қолданылуы мүмкін.

4. Кәсіпкерлік қызмет объектісі ретінде жекешелендірілген тұрғын үй пайдаланылатын жағдайларда борыштар бойынша өндіріп алу осы тұрғын үйге қ о л д а н ы л а д ы .

5. Жай серіктестікпен байланысты кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған кезде жай серіктестіктің қатысушылары, егер бірлескен қызмет туралы шартта өзгеше көзделмесе, жай серіктестіктің міндеттемелері бойынша үшінші тұлғалар алдында бірлесіп жауап береді.

7-бап. Жай серіктестік

1. Жай серіктестік бірлескен шаруашылық қызмет туралы шарт негізінде қ ұ р ы л а д ы .

2. Бірлескен шаруашылық қызмет туралы шарт (жай серіктестік шарты) бойынша тараптар (жеке кәсіпкерлер) жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыру үшін бірлесіп іс-әрекет жасауға міндеттенеді.

3. Жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыру үшін жай серіктестіктің қатысушылары

жарналарды мүлкімен немесе өзге де мүлiктiк құқықтарымен, соның iшiнде санаткерлiк қызмет нәтижелерiне құқығын қоса, енгiзедi.

Қатысушылардың жарналары, егер жай серiктестiк шартында өзгеше көзделмесе, құны бойынша тең болып көзделедi. Мүлiк немесе еңбек жарнасын ақшамен бағалау серiктестiк қатысушыларының арасындағы келiсiм бойынша жүргiзiледi.

4. Шартқа қатысушылардың ақшалай немесе өзге де мүлiктiк жарналары, сондай-ақ кәсiпкерлiк қызметтi бiрлесiп жүзеге асыру нәтижесiнде жасалған немесе сатып алынған мүлiк олардың ортақ үлестiк меншiгi болып табылады.

5. Бiрлескен кәсiпкерлiк қызмет бойынша ортақ шығындарды және оның нәтижесiнде болуы мүмкiн зияндарды өтеу тәртiбi қатысушылардың шартында белгiленедi. Егер шартта мұндай тәртiп көзделмесе, ортақ шығындар мен зияндар шартқа қатысушылардың ортақ мүлкiнiң есебiнен өтеледi, ал жетпеген сомалар олардың арасында өздерiнiң осы мүлiктегi үлестерiне пропорциялы түрде бөлiнедi.

6. Серiктестiкке қатысушылардың бiрлескен кәсiпкерлiк қызмет нәтижесiнде алған табысы (пайдасы), егер жай серiктестiк шартында өзгеше көзделмесе, олардың ортақ мүлiктегi үлестерiне пропорциялы түрде бөлiнедi. Қандай да бiр қатысушыны пайда бөлiсiнен шеттету туралы келiсiм жарамсыз болып табылады.

7. Серiктестiк қатысушыларының ортақ мүлiктегi өз үлесiне билiк етуге және тиiсiнше серiктестiкке қатысу құқығын өзге қатысушылардың келiсiмiнсiз басқаға беруге қақысы жоқ.

Серiктестiк қатысушысының өз қалауы бойынша бiрлескен қызметке қатысудан бас тартуға құқығы бар. Қатысушылардың олардың қайсыбiрiнiң серiктестiкке қатысудан бас тартуынан туындаған зияндары, егер жай серiктестiктiң шартында өзгеше көзделмесе, толық көлемiнде өндiрiп алынады.

8-бап. Шаруа шаруашылығы (фермерлiк шаруашылық)

1. Ауыл шаруашылығына арналған жерлердi ауыл шаруашылық өнiмiн өндiру үшiн пайдаланумен, сондай-ақ сол өнiмдi ұқсату және өткiзумен тығыз байланысты жеке кәсiпкерлiктi жүзеге асыратын шаруашылық шаруа шаруашылығы (фермерлiк шаруашылық) деп танылады.

2. Фермерлiк шаруашылықтың (шаруа шаруашылығының) негiзгi түрлерi:

1) кәсiпкерлiк қызмет бiрлескен ортақ меншiк базасына негiзделген отбасылық кәсiпкерлiк нысанында жүзеге асырылатын шаруа шаруашылығы;

2) өзiндiк кәсiпкерлiктi жүзеге асыруға негiзделген фермерлiк шаруашылық;

3) бiрлескен қызмет туралы шарттың негiзiнде жай серiктестiк түрiнде ұйымдастырылған фермерлiк шаруашылық болып табылады;

4) Қазақстан Республикасының заң актiлерiмен шаруа шаруашылығының (

фермерлік шаруашылықтың) басқа да түрлері көзделуі мүмкін.

3. Шаруа шаруашылықтарымен (фермерлік шаруашылықпен) байланысты құқық қатынастары осы Заңмен және арнаулы заңдармен реттеледі.

II тарау. Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік тіркеу және лицензиялау

9-бап. Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік тіркеу

1. Мына талаптардың біріне сай келетін:

- 1) жалдамалы қызметкерлердің еңбегін тұрақты негізде пайдаланатын;
- 2) кәсіпкерлік қызметтен Қазақстан Республикасының заң актілерінде жеке тұлғалар үшін белгіленген салық салынбайтын жылдық жиынтық табыс мөлшерінен асып түсетін мөлшерде салық заңдарына сәйкес есептелген жылдық жиынтық табысы бар жеке кәсіпкерлер міндетті түрде мемлекеттік тіркеуден өтпесе

т и і с .
Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген жағдайларды қоспағанда, осы бапта аталған жеке кәсіпкерлердің қызметіне, тіркеуден өтпесе, т ы й ы м с а л ы н а д ы .

2. Заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырушы азаматтарды мемлекеттік тіркеу өзі барып тіркелетін сипатта болады және жеке кәсіпкер ретінде азаматтың тұрғылықты жері бойынша аумақтық салық органында (бұдан әрі - тіркеуші орган) есепке алынуы болып табылады.

3. Осы баптың 1-тармағында аталмаған жеке кәсіпкерлер өз қалауы бойынша жеке кәсіпкер ретінде тіркелуге құқылы.

Осы баптың 1-тармағында аталғаннан басқа жеке кәсіпкерлерде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің болмауы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін кедергі б о л ы п т а б ы л м а й д ы .

4. Өз қызметін мемлекеттік тіркеусіз жүзеге асырушы жеке кәсіпкердің өзі мәмілелер жасасқан жағдайда өзінің кәсіпкер еместігіне сілтеме жасауға құқығы ж о қ .

Ескерту. 9-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.12.24. N 276 Заңымен .

10-бап. Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік тіркеу тәртібі

1. Мемлекеттік тіркеу үшін жеке кәсіпкер тіркеуші органға:

- 1) уәкілетті орган белгілеген нысандағы өтінішті;
- 2) жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркегені үшін алынатын алым сомасының бюджетке төленгенін растайтын құжатты табыс етеді.

Өзге құжаттарды талап етуге тыйым салынады.

2. Осы баптың 1-тармағында келтірілген құжаттар болған жағдайда тіркеуші орган жеке кәсіпкерге құжаттар тапсырылған күні мемлекеттік тіркеу жасайды.

3. Осы Заңның 9-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларда, ерлі-зайыптылар кәсіпкерлігі, отбасылық кәсіпкерлік, сондай-ақ тұрақты негізде құрылатын жай серіктестік нысанында бірлескен жеке кәсіпкерлікті тіркеу кезінде азаматтармен, ұйымдармен және мемлекеттік органдармен қатынаста мүдделерін білдіруге және азаматтық-құқықтық мәмілелерді жүзеге асыруға уәкілетті тұлға өтініш береді.

Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік уәкілетті тұлғаға жазып беріледі. Куәлікке тіркеуші органның басшысы растаған бірлескен жеке кәсіпкерлік мүшелерінің тізімі қоса беріледі.

4. Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген тәртіппен алым алынады.

Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беруге арналған өтініште көрсетілген деректер өзгерген ретте кәсіпкер өзгерістер туралы тіркеуші органға осы орган белгілеген нысан бойынша хабарлауға міндетті. Мемлекеттік тіркеу туралы куәлікте көрсетілген деректер өзгерген ретте кәсіпкер қайта тіркеуді жүзеге асыруға және жаңа куәлік алуға міндетті.

Кәсіпкер мемлекеттік тіркеу туралы куәлігін жоғалтып алған жағдайда оған өзінің өтініші бойынша мемлекеттік тіркеуді растайтын құжаттың көшірмесі беріледі.

Мемлекеттік тіркеуді растайтын құжаттың көшірмесі берілгені үшін кәсіпкерден Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленетін тәртіппен алым алынады.

Ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.12.24. N 276 Заңымен .

11-бап. Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік

1. Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік кәсіпкерлік қызметті заңды тұлға құрмастан жүзеге асыратын азаматты жекелеу тәсілі болып табылады.

2. Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік жеке кәсіпкерге осы заңның 10-бабының 2-тармағында белгіленген мерзімде беріледі.

Тіркеуші орган жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы хабарламаны тіркеу күнінен бастап он күн мерзімде статистикалық қызмет жүргізетін уәкілетті органға жібереді.

3. Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, егер өтініште өзге мерзім көзделмесе, мерзімсіз уақытқа беріледі.

4. Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нысанын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

5. Жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркеу мәселесі болып табылатын

мәліметтер жалпы жұртқа ашық болады.

Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.12.24. N 276 Заңымен .

12-бап. Жеке кәсіпкерлік қызметті лицензиялау

1. Егер жеке кәсіпкер лицензиялануға тиісті қызметті жүзеге асырса, оның осындай қызметті жүзеге асыру құқығына лицензиясының болуы міндетті.

2. Лицензия лицензиялау туралы заңдарда белгіленген тәртіппен беріледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі жеке кәсіпкерлерге лицензиялар берудің оңайлатылған тәртібін белгілеуге құқылы.

Жеке кәсіпкерлік тәртібімен жолаушылар мен жүктерді автомобиль көлігімен немесе өзге көлікпен тасымалдауды жүзеге асыру кезінде лицензия беру үшін тиісті санаттағы жүргізушілік құқығының болуы жеткілікті негіз болып табылады .

Табыс етілген құжаттар негізінде лицензия беру кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру шарттарын тексерусіз, сондай-ақ үміткердің білімін біліктілік сынағынан өткізбей жүргізіледі .

Жоғарыда көрсетілген құжаттар болған кезде лицензия беруден бас тартуға жол берілмейді .

3. Лицензия берілгені үшін жеке кәсіпкерден қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым алынады. Алымды есептеу, төлеу және төленген сомаларды қайтару тәртібі Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленеді .

4. Жеке медициналық, дәрігерлік, мал дәрігерлік қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия мерзімі шектелмей (тұрақты лицензия); көлік қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия - кемінде бес жыл мерзімге; жеке кәсіпкерлік қызметтің өзге түрлерін жүзеге асыру құқығына лицензия (тауарлардың экспорты мен импортына лицензия беруді қоспағанда) - кемінде бір жыл мерзімге; тауарлардың экспорты мен импортына лицензия - лицензиялау туралы заңдарда көзделген мерзімдерге беріледі.

5. Қызметтің лицензияланатын түрін жүзеге асыру құқығына лицензия азаматтың жеке кәсіпкер ретінде тіркелгендігіне немесе тіркелмегендігіне қарамастан беріледі .

Ескерту. 12-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.24. N 276 Заңымен .

III тарау. Жеке кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру

13-бап. Жеке кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру шектері

Егер заңдарға өзгеше белгіленбесе жеке кәсіпкер кәсіпкерлік қызметтің кез келген түрін жүзеге асыруға құқылы.

14-бап. Жеке кәсіпкерлік қызметтің мүлдіктік негіздері

1. Жеке кәсіпкерлік азаматтарға меншік құқығы бойынша немесе мүлдікті кәсіпкерлікпен айналысу үшін пайдалануға және (немесе) оған билік етуге жол беретін өзге де құқықтармен тиесілі мүлдіктің негізінде және солардың есебінен жүзеге асырылады.

2. Заңды тұлғалар мен азаматтар заңдарда белгіленген жағдайларда кәсіпкерлік қызметті жүргізу мақсатында пайдалану үшін көп пәтерлі үйлердегі пәтерлерді қоса алғанда, өздеріне тиесілі үйлерді, құрылыстар мен үй-жайларды жалға беруге құқылы.

15-бап. Кәсіпкерлік іс

1. Кәсіпкерлік іс - мүлдіктік құқықтарды қоса алғандағы мүлдіктің жиынтығы, жеке кәсіпкер өз қызметін солардың негізінде және солар арқылы жүзеге асырады.

2. Кәсіпкерлік іс тұтастай немесе оның бір бөлігі құқықтарды белгілеуге, өзгертуге және тоқтатуға байланысты сатып алу-сату, кепілге беру, жалға беру және басқа да мәмілелер объектісі болуы мүмкін.

16-бап. Өнімнің (жұмыстың, қызметтің) сапасына қойылатын талаптар

1. Жеке кәсіпкер өзі өндіретін өнімнің (жұмыстың, қызметтің) сапасы үшін жауап береді.

2. Жеке кәсіпкердің өндіретін өнімі (жұмысы, қызметі), егер тапсырысшымен шартта өзгеше талаптар белгіленбесе, қойылатын талаптарға сай келуге тиіс.

Мемлекеттік стандарттар белгіленген өнім (жұмыс, қызмет) осы стандарттарға сай болуы тиіс.

3. Егер бұл белгіленген ережелерде көзделсе, жеке кәсіпкер сататын өнімнің (жұмыстың, қызметтің) сапа сертификаты немесе сәйкестік белгісі болуға тиіс.

17-бап. Жеке кәсіпкерлердің сауда қызметі

1. Жеке кәсіпкерлер өздері өндіретін өнімді, сондай-ақ сату мақсатында сатып алынған тауарларды, егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, заңдарда тыйым салынбаған кез келген әдістермен және кез келген жерде сатуға құқылы.

2. Жеке кәсіпкерлер елді мекендердің (мұндай сауда жасауға жергілікті атқарушы органдар тікелей тыйым салған, белгіленген тәртіппен заңды тұлғаларға бекітіліп берілген, сондай-ақ алаңдардың, көшелердің, жолдардың жүргін бөлігі болып табылатын учаскелерден, өтетін жерлерден және қоғамдық көліктің жолаушылар аялдамаларынан басқа жерлерде) ортақ пайдаланыстағы жерлерін ұсақ бөлшек сауда жүргізу үшін (қолдан және тасымалданатын астаушадан сауда жасау), егер мұндай сауда:

- 1) жүргіншілер жүрісіне кедергі жасамайтын;
- 2) маңындағы тұрғын үйлердің (тұрғын жайлардың) тұрғындарына қолайсыздық туғызбайтын;
- 3) санитариялық талаптарды сақтай отырып жүзеге асырылатын;
- 4) аумақтың ластануына әкеп соқпайтын жағдайларда пайдалануға құқылы. Аталған сауданы жүзеге асырғаны үшін ақы алынбайды.

18-бап. Жеке кәсіпкерлердің ақшалай есеп айырысуы

Жеке кәсіпкерлердің өздерінің кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыруға байланысты есеп айырысуы, егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, өздерінің қалауы бойынша қолма-қол төлейтін де, қолма-қол төлемейтін де тәртіппен жүргізіледі.

19-бап. Жеке кәсіпкерлерге банк қызметін көрсету

Жеке кәсіпкерлерге банк қызметін көрсету қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жеке кәсіпкерлердің банктермен жасасқан шарттарының негізінде жүзеге асырылады.

Банктер жеке кәсіпкерлерге Қазақстан Республикасының заңдарында және тараптардың келісімінде белгіленген тәртіппен қызмет көрсетеді.

20-бап. Жеке кәсіпкерлердің сыртқы экономикалық қызметі

Жеке кәсіпкерлердің, егер заңдарда неғұрлым қолайлы режим белгіленбесе, заңды тұлғалармен тең дәрежеде сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыруға құқығы бар.

Жеке кәсіпкерлердің, ауыл шаруашылық өнімдерін қоса алғанда, өздері дайындаған өнімді экспортқа шығаруы Қазақстан Республикасының кеден ісі жөніндегі заңдарына сәйкес жүргізіледі.

21-бап. Жеке кәсіпкерлерге салық салу

Жеке кәсіпкерлерге салық салу Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 21-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2001.12.24. N 276 Заңымен.

22-бап. Жеке кәсіпкерлік жағдайында жалдама еңбекті пайдалану жөніндегі қатынастарды ресімдеу

1. Жеке кәсіпкердің кәсіпкерлік қызметті жалдама еңбекті пайдалана отырып жүзеге асыруға құқығы бар.

2. Жеке кәсіпкер өз қызметкерлерімен қатынастарын еңбек шартымен (келісім-шартымен) немесе мердігерлік шартпен ресімдейді.

3. Еңбек шарты (келісім-шарты) бойынша жалданған қызметкерге еңбек, әлеуметтік және зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдардың нормалары қолданылады.

Еңбек шарты (келісім-шарты) бойынша жалданған қызметкерлер заңдарда

белгіленген тәртіп пен шарттарда әлеуметтік және медициналық сақтандыруға, сондай-ақ әлеуметтік қамсыздандырылуға тиіс.

4. Жеке кәсіпкер өзінің қызметкерлері (қызметкері) үшін заңдарға сәйкес әлеуметтік, сақтандыру және зейнетақы қорларына қаржы аударуды жүзеге асырады.

5. Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңдарымен салыстырғанда қызметкердің жағдайын нашарлататын еңбек шартының ережелері жарамсыз болып табылады.

23-бап. Кәсіпкерлік істің басқа адамға ауысуы

1. Жеке кәсіпкер өзінің кәсіпкерлік ісін басқа адамға ақылы немесе өтеусіз беруге қақылы.

2. Кәсіпкерлік істі беру толық көлемінде де, бөлігі бойынша да жүзеге асырылуы мүмкін. Кәсіпкерлік істің бір бөлігі берілген кезде беру туралы шартпен алушыға қандай құқықтардың және өтелмеген қандай борыштардың ауысатыны көзделуге тиіс.

3. Кәсіпкерлік істі алушы толық көлемінде бұрынғы кәсіпкердің барлық құқықтары мен міндеттерінің құқықтық мұрагері болып табылады.

4. Кәсіпкерлік істің басқа адамға берілетіндігі туралы несие берушілер хабардар етілуге тиіс, олар істі беруші кәсіпкерден міндеттеменің мерзімінен бұрын тоқтатылуын немесе орындалуын талап етуге хақылы. Олардың келісімінсіз кәсіпкерлік істі алушыға міндеттемелердің орындалуын беруге жол берілмейді.

5. Кәсіпкерлік істі беруші кәсіпкер мен кәсіпкерлік істі алушы істі беру туралы хабарланбаған несие берушінің алдында кәсіпкерлік іске байланысты сол несие берушінің талаптары бойынша бірлесіп жауапты болады.

6. Кәсіпкерлік істі беру туралы шарт жазбаша нысанда жасалуға тиіс. Бұл талаптың бұзылуы шарттың жарамсыз болуына әкеп соғады.

24-бап. Жеке кәсіпкерлік қызмет нәтижелерін есепке алу

1. Жеке кәсіпкердің өз қызметінің нәтижелерін есепке алуы салық заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Мұндай кәсіпкерлерге заңды тұлғалар үшін белгіленген қаржылық және статистикалық есептілікті жасап, табыс ету туралы талап қойылмауға тиіс.

2. Мемлекеттік тіркеуге жататын (осы Заңның 9-бабының 1-тармағы) жеке кәсіпкердің өз қызметінің нәтижелерін есепке алуы бухгалтерлік есеп туралы заңдарда белгіленген ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

IV тарау. Жеке кәсіпкерлік қызметті өз атынан жүзеге асыру

25-бап. Жеке кәсіпкердің қызметті өз атынан жүзеге асыруы

1. Жеке кәсіпкер өз атынан кәсіпкерлік қызметпен айналысады, құқықтар мен міндеттер алып, оларды жүзеге асырады.

2. Бірлескен жеке кәсіпкерлік жағдайында кәсіпкерлік қызметпен байланысты барлық мәмілелер осы Заңда көзделген реттерді қоспағанда, бірлескен кәсіпкерліктің барлық қатысушылары атынан жасалады, ал құқықтар мен міндеттер солардың атынан алынып, жүзеге асырылады.

3. Азамат өзінің кәсіпкерлік қызметіне байланысты мәмілелер жасаған кезде, егер бұл мәміле жасау жағдайының өзінен анық туындамаса, өзінің жеке кәсіпкер ретінде әрекет жасайтындығын көрсетуге тиіс.

Мұндай көрсетудің болмауы жеке кәсіпкерді тәуекел етуден және жеке кәсіпкердің өз міндеттемелері бойынша жауаптылығынан босатпайды.

4. Жеке кәсіпкер өз қызметін жүзеге асыру кезінде осы адам жеке кәсіпкер екенін мәтіндері мейлінше айқын дәлелдейтін іскерлік құжаттаманың жеке атаулы бланкілерін, мөрдi, мөртабандарды пайдалануға қақылы.

26-бап. Жеке кәсіпкерге қарайтын кәсіпкерлік істің және/немесе оның бір бөлігінің фирмалық атауы

1. Жеке кәсіпкер өз ісіне және/немесе оның кәсіпкер мүлкінің құрамынан бөлінген бір бөлігіне (осы заңның 15-бабы) фирмалық атау беруге қақылы.

2. Жеке кәсіпкер мүлкінің (ісінің) құрамынан бір бөліктен аса бөлінген кезде олардың әрқайсысына өзінің фирмалық атауы берілуі мүмкін.

3. Фирмалық атау іске және/немесе оның бір бөлігіне құқықтар объектісі ретінде ғана оны даралау мақсатында беріледі және ол кәсіпкердің есімі (есімдері) көрсетіліп, істің және/немесе оның бір бөлігінің жеке кәсіпкерге қарайтындығын көрсетуге тиіс.

27-бап. Фирмалық атауды құқықтық қорғау

1. Жеке кәсіпкер ісінің және/немесе оның бір бөлігінің фирмалық атауы қорғау туралы міндетті түрде өтініш берілмей немесе тіркелмей және оның тауарлық белгінің бір бөлігі екендігіне қарамастан құқықтық қорғалуға тиіс.

2. Басқа кәсіпкерлерге тиесілі фирмалық атауларды олардың келісімінсіз пайдалануға жол берілмейді.

3. Фирмалық атау иесінің ісі және/немесе оның бір бөлігі орналасқан елді мекенде айыру мүмкін болмайтындай дәрежеде бірдей немесе ұқсас фирмалық атауларды пайдаланушы адамдар фирмалық атау иесінің талап етуі бойынша оны пайдалануды тоқтатуға міндетті.

4. Бөтен фирмалық атауды пайдаланғандығын көрінеу білген адам оған фирмалық атауды пайдаланудан келтірілген шығынның орнын оның иесінің талап етуі бойынша толтыруға міндетті.

5. Фирмалық атау құқығына дау туған кезде оны бұрын пайдалана бастаған кәсіпкерге фирмалық атауға басымдық беріледі.

28-бап. Фирмалық атауға құқықтың ауысуы

1. Егер шартта өзгеше көзделмесе, фирмалық атау жеке кәсіпкердің ісін және/немесе оның бір бөлігін сатып алушыға ауысады.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген ретті қоспағанда, фирмалық атаудан айыруға жол берілмейді.

3. Жеке кәсіпкер ісінің және/немесе оның бір бөлігінің фирмалық атауын иеленуші шарт бойынша басқа адамға шартта келісілген тәсілдермен фирмалық атауды пайдалануға рұқсат бере алады. Шартта тұтынушыларды жаңылыстыруға жол бермеу шаралары көзделуге тиіс.

V тарау. Жеке кәсіпкерлік қызметті қорғау және оның кепілдіктері

29-бап. Мемлекеттік органдардың жеке кәсіпкерлер қызметіне араласуын шектеу

1. Заң актілерінде белгіленген реттерді қоспағанда, мемлекеттік органдардың жеке кәсіпкерлер қызметіне араласуға қақысы жоқ.

2. Жеке кәсіпкерлік қызметті ағымдағы тексеруді соған уәкілетті бақылау және қадағалау қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдар, егер заң актілерінде өзгеше белгіленбесе, сондай-ақ мұндай тексерулер осының алдындағы тексеру актісінде айтылған нұсқамалардың орындалуын бақылау тәртібімен жүргізілетін кезде болмаса, жылына бір реттен жиі өткізуге болмайды.

Тексеру материалдары бойынша қылмыстық іс қозғалған реттерде мұндай шектеулер қолданылмайды.

Бақылау және қадағалау міндеттерін жүзеге асыратын мемлекеттік органдар жалақының, зейнетақылардың, жәрдемақылардың уақытылы төленуін, Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарда көзделген міндетті төлемдердің аударылу тәртібінің сақталуын тексеруді жылына бір реттен жиі жүзеге асыруы мүмкін.

3. Бақылаушы органдар тексеруінің нәтижелері екі жақты акт жасау арқылы расталуға тиіс, онда ескертпелер тізбесі, оларды жоюдың қажетті шаралары мен мерзімдері көрсетіледі.

Актіде тараптардың әрқайсысы актінің қандай шарттарымен өздерінің келіспейтінін көрсетуге құқылы.

30-бап. Мемлекеттік органдардың ақпарат беру және жеке кәсіпкерлікпен байланысты өзге де іс-әрекеттер жасау жөніндегі міндеттері

1. Мемлекеттік органдар жеке кәсіпкерлерге олардың сұрау салуы бойынша қолданылып жүрген заңдарға түсіндірме, консультация және олардың кәсіпкерлік қызметіне байланысты өзге де ақпарат беруге міндетті.

Мемлекеттік органдардың мұндай ақпарат беруден бас тартуға қақысы жоқ.

2. Мемлекеттік органдарға тіркеу, жер учаскесін бөліп беру, лицензия алу, осы баптың 1-тармағында көзделген ақпаратты беру мәселелері бойынша, сондай-ақ өздерінің кәсіпкерлік қызметіне байланысты өзге де мәселелер бойынша өтініш жасаған жеке кәсіпкерлерден заң актілерімен тікелей көзделмеген ақша алымдарын алуға болмайды.

31-бап. Мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының жеке кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын іс-әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне шағымдану

1. Жеке кәсіпкерлерді тіркеу, оларға лицензия беру, олардың қызметін тексеру, оны тоқтату немесе тоқтата тұру туралы талап қою кезінде, сондай-ақ осыған ұқсас басқа да жағдайларда өздерінің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған ретте жеке кәсіпкер тиісті органның және (немесе) лауазымды адамның іс-әрекеттеріне орган (лауазымды адам) орналасқан жердегі немесе (шағым берушінің қалауы бойынша) жеке кәсіпкерлік қызмет жүзеге асырылатын жер бойынша сотқа шағымдануға қақылы.

2. Құқық қорғау органдарының қылмыстық іс қозғауға және оны тергеуге байланысты іс-әрекеттеріне жеке кәсіпкердің шағым жасауы қылмыстық іс жүргізу заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

32-бап. Жеке кәсіпкерді әлеуметтік қорғау

1. Жеке кәсіпкер әртүрлі әлеуметтік қамсыздандыру, әлеуметтік және медициналық сақтандыру жүйелерін пайдалануға құқылы.

2. Қазақстан Республикасының зейнетақы заңдарына сәйкес төлемдер төлеп тұрған жағдайда жеке кәсіпкерлік қызмет зейнетақы тағайындау үшін жұмыс стажына есептеледі.

VI тарау. Жеке кәсіпкердің қызметін тоқтату

33-бап. Жеке кәсіпкердің қызметін тоқтата тұру мен тоқтатудың негіздері мен тәртібі

1. Жеке кәсіпкердің қызметі ерікті не мәжбүрлеу тәртібімен, сондай-ақ осы заңда көзделген жағдаяттар пайда болған ретте тоқтатылуы мүмкін.

2. Жеке кәсіпкердің қызметі ерікті тәртіппен кез келген уақытта - өзіндік кәсіпкерлік жағдайында жеке кәсіпкердің өздігінен қабылдаған шешімінің, бірлескен кәсіпкерлік жағдайында - барлық қатысушылардың бірлесіп

қабылдаған шешімінің негізінде тоқтатылады. Бірлескен кәсіпкерлікті тоқтату туралы шешім оның қатысушыларының жартысы жақтап дауыс берсе, егер олардың арасындағы келісімде өзгеше көзделмесе, қабылданған болып е с е п т е л е д і .

3. Жеке кәсіпкердің қызметі мынадай жағдайларда:

1) б а н к р о т т ы қ ;

2) тіркеу кезінде қалпына келтірілмейтіндей сипаттағы заң бұзушылыққа жол берілуіне байланысты жеке кәсіпкердің тіркелуін жарамсыз деп тану;

3) егер қызмет лицензиялануға жататын болса, қызметті лицензиясыз не заң актілері тыйым салған қызметті жүзеге асыру;

4) заңдарды күнтізбелік жыл ішінде бірнеше рет немесе өрескел бұза отырып жүзеге асыру жағдайларында;

5) заң актілерінде көзделген өзге де жағдайларда сот шешімі бойынша мәжбүрлеу тәртібімен тоқтатылады.

Жеке кәсіпкердің қызметін тоқтату немесе тоқтата тұру бақылау және қадағалау міндеттерін жүзеге асыратын мемлекеттік органның өтініші бойынша с о т а р қ ы л ы жү р г і з і л е д і .

Жеке кәсіпкердің қызметін тоқтату немесе тоқтата тұру туралы талап арызды уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен және негіздерде сотқа жібереді.

4. Жеке кәсіпкердің қызметі осы баптың 2 және 3-тармақтарында көзделген негіздерден басқа мынадай жағдайларда да:

1) өзіндік кәсіпкерлік - жеке кәсіпкер-азамат әрекетке қабілетсіз деп танылғанда не ол қайтыс болғанда;

2) отбасылық кәсіпкерлік пен жай серіктестік - егер осы тармақтың 1) тармақшасында аталған жағдаяттардың болуы нәтижесінде бірлескен кәсіпкерліктің бір қатысушысы қалса немесе бірде-бір қатысушысы қалмаса, сондай-ақ некенің бұзылуына байланысты мүлік бөлінгенде тоқтатылады.

5. Осы баптың 3-тармағының 2) - 4) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша жеке кәсіпкерлікті тоқтату туралы талапты сотқа тиісінше тіркеуші орган, кәсіпкерлік қызмет жөніндегі қадағалау мен бақылау қызметтерін жүзеге асыруға немесе лицензия беруге уәкілетті мемлекеттік органдар және несие берушілер мәлімдеуі мүмкін.

6. Осы баптың 3-тармағының 4-тармақшасында көзделген жағдайларда сот жеке кәсіпкердің қызметін тоқтату туралы шешімнің орнына мұндай қызметті тоқтата тұру туралы шешім шығаруы мүмкін.

Жеке кәсіпкердің қызметін сот шешімінсіз тоқтата тұруға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген ерекше жағдайларда талап арызды 3 күннен аспайтын мерзімде сотқа табыс ету міндеттеліп, аталған мерзімге рұқсат

етілуі мүмкін. Бұл орайда қызметті тоқтата тұру туралы акт сот шешімі шыққанға дейін қолданылады.

7. Жеке кәсіпкердің қызметі оның (олардың) өтініші не тиісті жағдайларда сот шешімі негізінде мұндай кәсіпкер (кәсіпкерлер) мемлекеттік тізілімнен шығарылған кезден бастап тоқтатылған болып есептеледі. Мемлекеттік тізілімнен алып тастау жеке кәсіпкердің мемлекеттік тіркелгені туралы куәлігін тіркеуші органға тапсырғаннан кейін жүргізіледі. Кәсіпкерлік белгіленген жағдайларда тіркеусіз жүзеге асырылған кезде ол ерікті сипатта болғанда - нақты тоқтатылған кезінен бастап не, тиісінше, мәжбүрлеу жағдайында - сот шешімі күшіне енген кезден бастап кәсіпкерлік қызмет тоқтатылған болып есептеледі.

Ескерту. 33-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.11.29. N 488 , 2001.12.24. N 276 Заңдарымен.

34-бап. Жеке кәсіпкердің қызметін ерікті тәртіппен тоқтатудың салдарлары

1. Жеке кәсіпкердің қызметі ерікті тәртіппен тоқтатылған жағдайда кәсіпкерлік қызметке байланысты міндеттемелер бойынша барлық несие берушілерге борышкер ол туралы дереу, бірақ бір айдан кешіктірмей хабарлауға т и і с .

2. Жеке кәсіпкердің қызметі, егер мұндай қызмет лицензияланатын болса, ерікті тәртіппен тоқтатылған жағдайда, не осы Заңның 9-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларда міндетті түрде мемлекеттік тіркеуге жатса, оның мынадай с а л д а р л а р ы б о л а д ы :

1) кәсіпкерлік қызметке байланысты емес міндеттемелерді қоспағанда, мүлікті беру, жұмыс атқару не қызмет көрсету бойынша кәсіпкердің міндеттемелерін орындау мерзімдері басталған болып есептеледі;

2) несие беруші кәсіпкердің қызметін тоқтатуға байланысты міндеттемелердің орындалу мерзімінің мезгілінен бұрын басталуын талап еткен не кәсіпкерлік қызметті тоқтатуға байланысты ақша міндеттемелері бойынша несие берушілер басқа несие берушілерге қарағанда нашар жағдайда қалады деп қауіптенуіне негіздер болған жағдайларды қоспағанда, ақша сипатындағы міндеттемелерді орындау белгіленген мерзімдерде жүзеге асырылады;

3) лицензияның қолданылуы лицензиялау туралы заңдарға сәйкес т о қ т а т ы л а д ы .

3. Лицензияланбайтын қызмет түрлері бойынша кәсіпкерлік қызметтің ерікті тәртіппен тоқтатылуы кезінде, сондай-ақ жеке кәсіпкер өз қызметін міндетті мемлекеттік тіркеусіз жүзеге асыра алатын жағдайларда, егер несие берушілермен жасалған келісімдерде өзгеше көзделмесе, кәсіпкерлік қызметке байланысты міндеттемелер заңдарда және шартта белгіленген тәртіп пен мерзімде орындалуға тиіс.

35-бап. Жеке кәсіпкердің қызметін мәжбүрлеу тәртібімен тоқтатудың салдарлары

Жеке кәсіпкердің қызметін сот шешімі бойынша тоқтатқан кезде осы Заңның 34-бабының 2-тармағындағы 1), 2) тармақшаларда көзделген салдарлары болады және б ұ ғ а н қ о с а :

1) сот жеке кәсіпкердің белгіленген мерзім ішінде белгілі бір қызмет түрлерімен айналысуына аталған мерзім біткеннен кейін мұндай қызметті қайта бастау құқығымен осы Заңда белгіленген тәртіппен тыйым салуы мүмкін;

2) егер сот шешімімен жеке кәсіпкерге белгілі бір мерзім ішінде оның жүзеге асыруға лицензиясы бар қызмет түрімен айналысуға тыйым салынса, лицензия қайтарылып алынады не оның қолданылуы тоқтатыла тұрады.

36-бап. Жеке кәсіпкердің қызметін белгілі бір жағдаяттардың басталуына байланысты тоқтатудың салдарлары

1. Осы Заңның 33-бабының 4-тармағында көзделген жағдаяттар пайда болған ретте жеке кәсіпкердің қызметін тоқтатқан кезде оның мынадай салдарлары болады :

1) өзіндік кәсіпкерлік жағдайында қайтыс болған жеке кәсіпкердің құқықтары мен міндеттері осы Заңның 23-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, заңмен белгіленген тәртіп бойынша оның мұрагерлеріне ауысады;

2) қайтыс болған ерлі-зайыпты жеке кәсіпкерлердің құқықтары мен міндеттері мұрагерлік құқық ережелері бойынша, не олардың істері осы Заңда белгіленген тәртіппен мұрагерлеріне ауысады;

3) бірлескен кәсіпкерліктің қайтыс болған (қайтыс болғандар) қатысушысының (қатысушыларының) құқықтары мен міндеттері мұрагерлік құқық ережелері бойынша, не оның (олардың) істері осы Заңда белгіленген тәртіппен мұрагерлеріне ауысады.

2. Жеке кәсіпкердің қызметі осы Заңның 33-бабының 2, 3, 4-тармақтарында көзделген негіздер бойынша тоқтатылған кезде тиісті қызмет түрлерін жүзеге асыруға берілген лицензияның күші де тоқтатылады.

37-бап. Жеке кәсіпкердің қызметін тоқтатуға байланысты несие берушілердің талаптарын қанағаттандыру

1. Кәсіпкерлік қызметті ерікті тәртіппен тоқтатқан кезде жеке кәсіпкер міндеттемелердің мерзімінен бұрын тоқтатылуынан келтірілген шығындардың орнын толтыру туралы несие берушілердің талаптарын осы қатынастарды реттейтін заңдарға және өздерінің арасындағы шартқа сәйкес өзіне тиесілі барлық мүліктің есебінен қанағаттандыруға міндетті, бұған заң актілеріне сәйкес өндіріп алуға болмайтын мүлік қосылмайды.

Бірлескен кәсіпкерлік кезінде оған қатысушылардың несие берушілер

алдындағы жауапкершілігі, егер қатысушылардың келісімінде өзгеше белгіленбесе, ортақ сипатта болады.

2. Жеке кәсіпкердің қызметін мәжбүрлеу тәртібімен тоқтатқан кезде сот мұндай шешімді қабылдаумен бірге несие берушілердің борышкерге талаптарын қанағаттандыру туралы өтінішін қарай алады. Бұл орайда сот несие берушілердің талаптары қанағаттандырылған кезге дейін борышкерге тиесілі мүлікке тыйым сала алады. Кәсіпкерлікке байланысы жоқ міндеттемелерді орындау жалпы тәртіппен жүргізіледі.

3. Бірлескен кәсіпкерлік кезінде несие берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған ортақ мүлік, егер заң актілерінде өзгеше белгіленбесе, оның қатысушылары арасындағы келісімге сәйкес солардың арасында бөлінуге тиіс.

VII тарау. Жеке кәсіпкердің банкроттығы

38-бап. Банкрот деп жариялаудың негіздері мен тәртібі

1. Борышкерді - жеке кәсіпкерді банкрот деп жариялауға оның жалақы төлеу жөніндегі талаптарды қоса алғанда, ақша міндеттемелері бойынша несие берушілердің талаптарын қанағаттандыруға, сондай-ақ өзіне тиесілі мүліктің есебінен бюджетке және бюджеттен тыс қорларға міндетті төлемдер төлеуді қамтамасыз етуге қабілетсіздігі негіз болып табылады.

2. Банкроттық сот шешімімен белгіленеді немесе несие берушілердің келісімі бойынша борышкер деп соттан тыс тәртіппен жарияланады.

3. Несие беруші үшін борышкердің банкроттығы туралы арызбен сотқа жүгінуіне борышкердің төлем қабілетсіздігі негіз болады.

Егер борышкер міндеттемені оның орындалу мерзімі басталған кезден бастап үш ай ішінде орындамаса, ол төлем қабілеті жоқ деп саналады.

4. Борышкердің өз банкроттығы туралы сотқа өтініш беруіне оның дәрменсіздігі негіз болып табылады.

5. Жеке кәсіпкерді банкрот деп тану туралы арыз беруге борышкердің, кәсіпкерлік қызметті борышкердің жүзеге асыруына байланысты азаматтық-құқықтық міндеттемелері бойынша несие берушілердің, бюджетке және бюджеттен тыс қорларға төленетін міндетті төлемдерге қатысты салық органдары мен өзге де уәкілетті мемлекеттік органдардың құқығы бар.

6. Жеке кәсіпкерге банкроттық рәсімдерін қолданған кезде оның кәсіпкерлік қызметке байланысы жоқ міндеттемелер бойынша, егер мұндай міндеттемелер бойынша орындалу мерзімі басталса, несие берушілер де өз талаптарын қоюға құқылы.

39-бап. Банкрот деп тану туралы өтініш

1. Борышкердің - жеке кәсіпкердің өзінің банкрот болғандығы туралы өтініші сотқа кәсіпкерлік қызметті тіркеу орны бойынша, ал егер мұндай қызмет тіркеусіз жүзеге асырылатын болса, оның азаматтық іс жүргізу заңдарының ережелері бойынша анықталатын тұрғылықты жері бойынша, бірлескен кәсіпкерлік кезінде - жеке кәсіпкерлердің бірінің тұрғылықты жері бойынша б е р і л е д і .

2. Жеке кәсіпкердің өз банкроттығы туралы өтінішіне - азамат, бірлескен кәсіпкерлік кезінде - оның барлық қатысушылары немесе олардың өкілдері қол қояды және онда заңды тұлға борышкерінің банкроттығы туралы мәлімдеуі үшін белгіленген барлық қажетті мәліметтер, сондай-ақ жеке кәсіпкердің кәсіпкерлік қызметке байланысы жоқ міндеттемелері туралы мәліметтер қамтылуға тиіс.

3. Несие берушінің борышкерді банкрот деп тану туралы өтініші заңды тұлға несие берушісінің мәлімдеуі үшін банкроттық туралы заңдарда белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

40-бап. Банкроттық туралы істерді қозғау және қарау

Жеке кәсіпкердің банкроттығы туралы істерді қозғау мен қарау заңды тұлғалар үшін белгіленген ережелер бойынша мынадай ерекшеліктермен жүзеге а с ы р ы л а д ы :

1) банкроттық туралы істер несие берушілердің борышкерден талап ететін сомасына қарамастан сотта қаралады;

2) банкроттық туралы іс бойынша іс қозғау, егер сот ұйғарымында өзгеше белгіленбесе, борышкердің мүлкіне сырттан басқаруды енгізуге әкеліп соқпауы м ү м к і н ;

3) борышкердің банкроттығы кезінде несие берушінің мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында сот іс бойынша іс қозғаған кезден бастап оның мүлкін, оның ішінде ортақ меншіктегі оның үлесін жауып қояды, бұған кепілдік немесе үшінші адамдар тарапынан борышкер міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етудің өзге әдісі ұсынылған реттер қосылмайды;

4) борышкердің арызы бойынша сот бітімгершілік келісімге жету не оңалту рәсімін қолдану туралы өтінішті қарау үшін істің қаралуын бір айдан аспайтын мерзімге кейінге қалдыруы мүмкін. Бітімгершілік келісім азаматтық іс жүргізу заңдарында көзделген ережелер бойынша жасалады, әрі бұл оны жасауға келісім бермеген несие берушілерге қолданылуға тиіс емес;

5) борышкер осы баптың 4) тармақшасында көзделген мерзімде несие берушілер талаптарының қанағаттандырылғанының немесе қанағаттандырылу мүмкіндігінің немесе бітімгершілік келісім жасалғанының дәлелдемелерін табыс етпеген жағдайда, сондай-ақ оңалту рәсімін қолдану туралы өтінішті қанағаттандырудан бас тартқан жағдайда сот борышкерді банкрот деп тану т у р а л ы ш е ш і м ш ы ғ а р а д ы ;

6) борышкер-жеке кәсіпкердің банкроттығы туралы іс бойынша іс қозғау ақша сомаларын өндіріп алу туралы соттардың шешімдерін орындауға немесе борышкердің кәсіпкерлік қызметіне байланысы жоқ міндеттемелер бойынша оның мүлкінен өндіріп алуға кедергі болмайды;

7) кәсіпкерлік қызметке байланысты емес, борышкерден ақша сомаларын өндіріп алу туралы сот шешімі немесе басқа орындаушылық құжаттар жоқ міндеттемелерді орындау сот тиісті шешім шығарғанға дейін тоқтатыла тұрады;

8) борышкердің мәмілелерін жарамсыз деп тануды сот өз бастамасы бойынша немесе мүдделі адамдардың өтініші бойынша Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде және банкроттық туралы заңдарда көзделген тәртіп пен негіздерде жүзеге асырады;

9) банкроттық туралы заңдарда заңды тұлғалар үшін көзделген негіздер бойынша борышкер банкрот деп танылғанға дейін мүлік қайтарылған және оның мәмілелерінің жарамсыздығы танылған кезде банкроттық туралы іс қозғалғанға дейінгі бір жыл ішінде жеке кәсіпкердің жұбайына (зайыбына), тікелей алдыңғы және кейінгі буындағы туыстарына, апа-сіңлілеріне, аға-інілеріне және олардың төменгі буындағы туыстарына, жұбайының (зайыбының) тікелей алдыңғы және кейінгі буындағы туыстарына, апа-сіңлілеріне, аға-інілеріне берілген мүлікті қайтару талап етілуі мүмкін.

41-бап. Жеке кәсіпкерлердің банкроттығы туралы істер бойынша оңалту рәсімі

1. Жеке кәсіпкердің банкроттығы туралы іс бойынша іс қозғалғаннан кейін сот борышкердің оңалту рәсімін қолдану туралы өтінішін қанағаттандыра алады.

2. Жеке кәсіпкерлердің банкроттығы туралы істер бойынша оңалту рәсімі банкроттық туралы заңдарда заңды тұлғалар үшін белгіленген ережелер бойынша мынадай ерекшеліктерді сақтай отырып жүргізіледі:

1) оңалту жоспарын банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізуді сот кейінге қалдырған кезден бастап бір ай ішінде борышкер-жеке кәсіпкер не оңалту басқарушысына кандидат әзірлейді және талап ету сомасы олардың талап ететін жалпы сомасының кемінде 2/3 бөлігін құрайтын конкурстық және кепілдік несие берушілердің келісімі болған жағдайда сот бекітеді;

2) талап ету сомасы олардың талап ететін жалпы сомасының кемінде 2/3 бөлігін құрайтын кепілдік және конкурстық несие берушілердің келісімімен сот оңалту басқарушысын тағайындамай, борышкердің өз мүлкі мен істерін басқаруын сақтап қала алады.

42-бап. Жеке кәсіпкерді банкрот деп танудың салдарлары

1. Сот жеке кәсіпкерді банкрот деп тану туралы шешім шығарған кезден бастап мынадай салдарлар болады:

1) кәсіпкерлік қызметке байланысты міндеттемелерді орындау мерзімдері

б а с т а л ғ а н б о л ы п с а н а л а д ы ;

2) кәсіпкерлік қызметке байланысты банкрот берешегінің барлық түрлері бойынша өсім мен проценттер есептеу тоқтатылады;

3) борышкерден барлық орындаушылық құжаттар бойынша өндіріп алу тоқтатылады, бұған өміріне немесе денсаулығына зиян келтіргені үшін борышкер жауап беретін азаматтардың талаптары бойынша, сондай-ақ алименттер өндіріп алу туралы талаптар бойынша орындаушылық құжаттар қ о с ы л м а й д ы ;

4) сот шешімімен кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияның қ о л д а н ы л у ы т о қ т а т ы л а д ы .

2. Сот орталық әділет органының ресми баспасөз басылымдарының бірінде жеке кәсіпкерді банкрот деп тану туралы хабарландыру жариялайды. Хабарландыруда несие берушілердің сотқа талап беру мерзімі көрсетіледі, ол хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзімнен кем болмауға тиіс.

43-бап. Несие берушілердің талаптарын қарау

1. Сот несие берушілердің осы Заңның 42-бабының 2-тармағында көзделген мерзімдерде мәлімделген талаптарын қарайды. Қарау нәтижелері бойынша сот несие берушілердің мәлімделген талаптарының мөлшері және оларды қанағаттандыру тәртібі туралы ұйғарым шығарады.

2. Сот ұйғарымында кәсіпкерлік қызметке байланысты емес, тиісті шешім шығарылғанға дейін сотқа берілген міндеттемелер бойынша несие берушілердің талаптарын қанағаттандыру тәртібі де белгіленеді.

44-бап. Несие берушілердің талаптарын қанағаттандыру

1. Сот депозитіне есептелген сомада несие берушілердің талаптары қанағаттандырылғанға дейін сот шығындары, сондай-ақ тағайындалған жағдайда әкімшіге, оңалту, конкурстық басқарушыларға сыйақы төлеу жөніндегі ш ы ғ ы н д а р ж а б ы л а д ы .

2. Несие берушілердің талаптары Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) 21-бабында белгіленген кезек бойынша қ а н а ғ а т т а н д ы р ы л а д ы .

3. Әртүрлі кезектегі несие берушілердің талаптарын қанағаттандырудың көлемі мен тәртібі "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасы Заңында белгіленген ережелер бойынша айқындалады.

4. Несие берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлік борышкерге қайтарылады не бірлескен кәсіпкерлік жағдайында осы Заңның 37-бабының 3-тармағында көзделген ережелер бойынша қатысушылар арасында бөлінеді.

45-бап. Жеке кәсіпкердің өтелмеген міндеттемелері

1. Банкрот ден танылған борышкер несие берушілермен есеп айырысып болғаннан кейін кәсіпкерлік қызметке байланысты қалған міндеттемелерді орындаудан босатылады, бұған банкрот деп жарияланған тұлға өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жауап беретін азаматтардың талаптары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жеке сипаттағы өзге де талаптар қосылмайды.

2. Кәсіпкерлік қызметке байланысы жоқ міндеттемелер жөніндегі талаптар, егер мұндай талаптар конкурстық мүліктен толық көлемінде қанағаттандырылмаған болса, күшін сақтап қалады және банкроттық рәсімдер аяқталғаннан кейін жеке адам ретінде борышкерге өндіріп алуға қойылуы мүмкін. Бұл талаптардың мөлшері борышкердің банкроттығы процесінде алынып қанағаттандырылған сомасына кемітіледі.

46-бап. Жеке кәсіпкердің ісін соттан тыс тарату

1. Жеке кәсіпкердің ісін соттан тыс тарату және оның борыштарын жою барлық несие берушілермен келісім бойынша жүзеге асырылады.

2. Кез келген несие беруші борышкермен жеке кәсіпкердің ісін соттан тыс тарату туралы келісім жасағаннан кейін борышкердің банкроттығы туралы арыз жазып сотқа жүгіне алады.

3. Жеке кәсіпкер ісінің соттан тыс таратылуы туралы борышкер орталық әділет органының ресми баспасөз басылымдарының бірінде хабарландыру жасауға және тіркеуші органға өзінің жеке кәсіпкерлік қызметін тоқтату туралы арыз беруге тиіс.

4. Несие берушілермен жеке кәсіпкердің ісін соттан тыс тарату туралы келісім жасалған кезден бастап осы Заңның 46-бабының 1-тармағында көзделген салдарлар пайда болады.

Қазақстан Республикасының

Президенті